Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

21 қыркүйек сейсенбі
№75 (1777)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚОЛДАУ

Биыл ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына 8 жыл толды. Жалпы тәуелсіздік алғалы ғана қалыптаса бастаған, қалыптасу жолында қиындықтарды егемендікпен бірге еңсерген саланың бірі – кәсіпкерлік.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЖЕМІСІ

Қазір Сыр елінде кәсіпкерлердің саны артып келеді. Биылғы 1 тамыздағы мәлімет бойынша облыста жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 50357-ге жетті. Ол былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 9,1%-ке артқан.

Қызылорда облысында шағын және орта кәсіпкерлік саласында 8 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Өңірде бір жыл ішінде шағын және орта кәсіпкерлік саласында 7 679 жаңа жұмыс орны ашылған. Өткен жылмен салыстырғанда өсім – 8,5%-ті құрап отыр.

– Мемлекет пандемия кезінде кәсіпкерлерге ауқымды қолдау көрсетіп, салықтан босатты. Аймақта 460 кәсіпкерлік субъектінің несие төлемі кейінге шегерілді. Экономиканың зардап шеккен салаларындағы 40 кәсіпкердің жоғары пайызбен алынған несиесі 6%-ке дейін субсидияланды. Айналым қаражатын жеңілдетіп беру жөніндегі несиелендіру бағдарламасы іске қосылды. Шектеу шаралары кезең-кезеңімен алынып, реттеліп жатыр, – деді Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов.

2 БЕТТЕ

#qazaqstan30

ЗАҢ ҮСТЕМДІК ҚҰРҒАН ЖЕРДЕ ӘДІЛЕТСІЗДІККЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Тәуелсіз Қазақстанның сот саласы қуқарлы да қуатты, біртұтас жүйеге айналған. Мұның барлығы ұзақ уақыттан бері атқарылып келе жатқан сот-құқықтық реформалардың нәтижесі екені анық. Себебі Қазақстандағы әділеттіліктің салтанат құруы мен тәуелсіз сот жүйесінің қалыптасуы жолында атқарылған іс аз емес.

Бүгінгі күні сот пен прокуратура саласының мамандары өз міндеттері мен қызметтерін абыроймен атқарып келеді. Осы орайда газетке өңірдегі сот жүйесі мен прокуратура саласын сөз етпекпіз...

3 БЕТТЕ

ЖӘРМЕҢКЕ

ТОҚШЫЛЫҚ БАСТАУЫНДА КҮЗ ТҰРАДЫ

Сенбі күні қала орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мен қала әкімі Ғанибек Қазантаев азық-түлік жәрмеңкесін аралап, тұрғындармен тілдесіп, шаруалармен жүздесті.

«Тағзым алаңы» маңына орналастырылған қала шаруаларының жеңілдетілген бағамен ұсынған жәрмеңкесіне жергілікті тұрғындар көптеп келіп, өздеріне қажетті өнім түрлерін сатып алып жатты. Қала әкімі аймақ басшысына әлеуметтік маңызы бар өнімдердің тұрғындарға нарықтағы бағадан 15-20 процент төмендетілген бағамен сатылып жатқанын жеткізіп, облыс орталығында әр сенбі сайын желтоқсан айына дейін ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесі жалғасатынын айтты.

Облыс әкімі мен шаһар басшысы ауылдардан жеткізілген өнімдердің сапасы мен бағасын бағамдап, жауаптыларға бағаның негізсіз көтерілмеуін қадағалауды тапсырды.

Қалаға қарасты кент пен ауылдық округтер, қаланың ауыл шаруашылығы құрылымдары, қала кәсіпкерлері және «Байқоңыр» ӘКК» ҰҚ» АҚ тарапынан тұрақтандыру қоры арқылы алынған азық-түлік өнімдері төмендетілген бағада сатылды. Жәрмеңкеге күріштен бастап көкөніс, бақша дақылдары, ет, балық, сүт өнімдері мен мал азығы секілді 40-тан аса өнім түрі әкелінген.

Жәрмеңкеге 60-тан аса автокөлікпен барлығы 116 тонна азық-түлік тауарлары жеткізілді. Атап айтқанда 16,5 тонна картоп, 9,6 тонна сәбіз, 7,5 тонна жуа, 3,1 тонна қырыққабат, 2,5 тонна қызылша, 20,0 тонна ақ күріш, 800 келі нан және нан өнімдері, 0,5 тонна макарон өнімдері 4,3 тонна сиыр еті, 500 келі қой еті, 1,1 тонна жылқы еті, 200 келі шұжық, 4,4 тонна балық және тағы да басқа өнімдерден бөлек 40 бас қой қала тұрғындарына базар нарығынан 15-20 процент төмен бағада ұсынылды.

Сондай-ақ Астана даңғылы бойында Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне 22 ауылдық округтен және Шиелі кентінен жинақталған 47 көлік өнім келді. Жәрмеңкеде 36 тонна ақ күріш, 63 тонна көкөніс, 73 тонна бақша өнімдері, 61 тонна картоп, 1 тонна балық және басқа да өнім түрлері төмен бағамен ұсынылды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жыл соңына дейін әр сенбі сайын азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында Қызылорда қаласы мен аудандардың қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілетін болады.

Күз – егін біткен пісіп, қамбаға құйылатын мезгіл. Сол себепті де күзді тоқшылықтың бастауы деуге болады

М.ЖӨКЕБАЙ
Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**

БІЛІМ

«АЛТЫН БЕЛГІНІҢ» ҚАДІРІ АРТА МА?

Көп оқушының арманы – «Алтын белгіні» иеленіп, үздіктер санатына ену. Себебі озық ойлы, білімге құштар бала ұзақ жылғы алған білімінің нәтижесін «Алтын белгімен» тығыз байланыстырады. Баланың мұндай жетістігі ата-ананың мерейін асырса, қоғам «Алтын белгі» иегеріне үлкен сенім жүктеп, ҰБТ-дағы көрсеткішінің сай келгенін күтеді. Жоғары оқу орнына түсуде де бұл артықшылықтың маңызды рөл атқаратыны тағы бар. Алайда биылға мектеп оқушыларына «Алтын белгіні» алу күрделене түспек. Себебі ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Білім және ғылым – елдің тұрақты дамуының кепілі» тақырыбындағы педагогтердің Республикалық тамыз кеңесінде көтерген болатын.

Өткен оқу жылының қорытындысы мен жаңа оқу жылында болатын өзгерістерді баяндаған министр «Алтын белгі» үміткерлері үшін қойылатын талаптың күшейтілетінін күнбұрын жеткізді. Оның айтуынша, «Алтын белгі» үміткерлеріне қойылатын талаптар кезең-кезеңмен өзгеріп келеді. Биыл өзгерістің екінші кезеңі. Бұл жолғы өзгерістің басты ерекшелігі – үміткерлердің жылдық бағасы бес болуымен қатар, 5-11 сыныптардағы және барлық тоқсандық бағалар да «5» болуы керек деген қағида енгізілген.

– Өздеріңіз білесіздер, алдыңғы жылы да бұл мәселені көтердік. Біраз өзгерістер енгіздік. Сондай-ақ бестік деген баға алған оқушылардың ғана «Алтын белгіге» ұсыну туралы қағида өте маңызды. Түлектер үшін емтиханды тәуелсіз ұйым өткізетін болады. Бұл реформа оң нәтижесін береді деп сенемін, – деген болатын министр.

Жалпы өткен оқу жылының қорытындысы бойынша Қазақстанда 9 738 түлек «Алтын белгі» иегері атанса 2019 жылы төсбелгіні 7349 оқушы, 2020 жылы 8 615 оқушы иеленген екен. Ал биыл «Алтын белгі» иегері атанған түлектердің басым бөлігі Түркістан, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарынан шыққан.

Ендігі жерде «Алтын белгі» үміткерлерінің саны әлдеқайда азаятын тәрізді. Себебі үміткердің әр тоқсандағы пәндер бойынша бағасы «5» болуы керек. Ал бұған дейін пәндер бойынша тек жылдық баға ескеріліп келген еді. Оған қоса Биыл «Алтын белгі» мектеп бітіремін дегенше барлық тоқсандағы бағасында «5»-тен өзге баға болмауы керек.

«Алтын белгінің» айналасында түрлі даудамайдың болып тұратыны белгілі. Әсіресе «Алтын белгі» алған оқушының ҰБТ-дан аз ұпай жинағаны да аз емес. Сондықтан министрдің «Алтын белгінің» қадірін арттыруға жасаған қадамы – білім беру саласындағы сапаны жақсартуға бағытталған бастама.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

ЭКОНОМИКА

МАЙНИНГ: майшелпек пе, машақат па?



Биылғы көктем криптовалюта биржасын күн сайын назардан тыс қалдырмайтындар үшін қызық пен шыжыққа толы өтті. Әлемде биткоин өндіруден көш бастаған Қытайдың майнингке шектеу қоюы осы саланың басы-қасында жүргендерді елеңдетумен болды. Осыған орай майнинг ұлы көші басталды. Жайлы да жақсы қоныс іздеген майнерлер үшін Қазақстан да жайлы аумақ қатарында. Қытайдан үдере көшкен майнинг фермалардың ұлы көші ел экономикасына қандай пайда әкелмек? Майнинг фермалар үшін Қазақстан қай жағынан тиімді? Майнерлер салық төлеуге неге қарсы? Бұл биылғы көктем мен жаздың қызу пікірталасқа толы тақырыбы болды. Әрине, жалақысы айдан-айға жетсе шүкіршілік ететін қарапайым халық майнинг көшіне де, криптовалюлық биржаның қайнаған қазанына да бас ауыртпайды. Дегенмен Қытайдан көш түзеген майнинг фермалар көшінің бізді айналып өтпегендіктен біз де бұл саланы назардан тыс қалдыра алмадық. Қарапайым оқырманға түсінікті болуы үшін жалпы жұртқа таныс та бейтаныс майнинг жайында түсіндіргенді жөн көрдік.

2 БЕТТЕ

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЖЕМІСІ

ӨҢІРЛІК ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАБЫЛДАНАДЫ

2019 жылдан бастап іске аса бастаған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын орындау барысында облыста 10 млрд теңгені құрайтын 121 жоба іске қосылды. Осы жобалардың шеңберінде 589 жұмыс орны ашылды. Биыл «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен облыстық әкімдік «Atameken Qyzylorda» микроқаржы ұйымын құрды. Бұл қаржы ұйымы «Бастау Бизнес» жобасының түлектерін несиелендіреді.

Бұл мақсатта биыл 1 млрд теңге қаржы қарастырылған. Оған 238 жоба несиелендіріледі деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ Президент Жолдауы негізінде Қызылорда облысында өңірлік даму бағдарламасы қабылданады.

«ЕҢБЕК» КІМДЕРГЕ КӨМЕКТЕСПЕК?

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жүзеге асырылады. Ол жастарға, оқу орындарына түспей қалғандарға, жұмыс іздеушілерге, өмірлік қиын жағдайға тап болған жандар мен аз қамтылған отбасынан шыққан азаматтарға, 29 жасқа дейінгі жастарға, жұмыспен қамту орталығында тіркелгеніне немесе тіркелмегеніне қарамастан, жұмыссыз жүргендерге мамандық алып, өз бетінше өмір сүруге көмектеседі.

Бұл жұмыс берушілерге де тиімді. Заманауи бағдарламамен оқудан өткен маман өндіріске пайда алып келеді, оны қайта даярлаудың қажеті жоқ. Себебі теорияны оқу міндетті түрде тәжірибелік машықтарды үйренуді қарастырады. Бітірушілердің 60 процеттен астамы мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан. Ал 1607 азамат осы бағдарлама аясында 200 АЕК мөлшерінде мемлекеттік грант иегері атанып, өз кәсіптерін ашты.

БИЗНЕСТІ БАСТАУ ҮШІН «БАСТАУ БИЗНЕС» КЕРЕК ПЕ?

Осы уақыт ішінде палата кеңесшілері кәсіпкерлікпен айналысқысы келген азаматтарға 60540 кеңес беріп, 13414 кәсіпкерге сервистік қызмет көрсеткен. 2015-2020 жылдары «Бизнес мектеп» компоненті аясында бизнес-тренерлер, кәсіпкерлер 7083 азаматты оқытты. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 5 жылда 11670 азамат дәріс алды. Олардың 6732-сінің жобалары әртүрлі көздер арқылы қаржыландырылды.

Мұнан өзге, 8 жылда кеңесшілер 1833 бизнес-жоспар әзірлеген. Аталған бизнес-жоспарлардың 3 млрд 450 млн теңгенің 690 жобасы қаржыландырылған. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы іске қосылған 2010 жылдан бері облыста құны 105 млрд теңге құрайтын 2699 жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Биылдың өзінде 1094 жобаны қаржыландыру үшін 14,5 млрд теңге жеңілдетілген несие берілді.

«ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ» ҚАРАПАЙЫМ БА?

Бағдарламалардың бірегейі – 2019 жылдан бастап іске аса бастаған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы. Ол өзінің тиімділігін көрсетті. Оны жүзеге асыру барысында облыста 10 млрд теңге құрайтын 121 жоба іске қосылды. Осы жобалардың шеңберінде 589 жұмыс орны ашылды.

Бұл бағдарлама биыл аяқталу керек еді. Енді міне Жолдауда атап айтылғандай, тағы бір жылға созылды. Қуантарлық жағдай, өйткені әлі де 9 млрд теңге тұратын 49 жоба қаралуда.

Палата арқылы 2015-2021 жылдары 7922 сертификат берілген. Оның 7219-ы – экспорттық, 692-сі – СТ-КЗ, 11-і – индустриалдық сертификат. Шет елдерге күріш, балық өнімдерін, мұнай, ванадий рудасын, кальций молибдатын, кварцтық құм, цемент экспортталуда. Өнімдерді Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Украина, Тәжікстан, Әзірбайжан мен Қырғызстан, Монғолия, Қытай, Тайвань, Латвия мен Швейцария елдері алады.

Облыс кәсіпкерлері өзінің кәсіби ісінде қашанда алдыңғы саптан көрініп келеді. Республикалық «Алтын сапа», «Қазақстанның үздік тауары», «Парыз», «Ұлы дала елі» тағы да басқа конкурстарға қатысқан «РЗА», «Абзал және К», «Сыр маржаны», «Далатекс», «Мағжан және К», «Абай Дәулет» секілді серіктестіктер үздік деп танылды.

«Бірлік бар жерде береке бар» дейді халқымыз. Сыр елінің кәсіпкерлері алдағы кезеңдерде де ел игілігін арттырып, ерен еңбек үлгісін таныта береді деп сенеміз. Кәсіпкерлердің мүддесін қорғап, жұмыс сапасын арттыру бағытында кәсіпкерлер палатасының да пәрменді жұмыс істей бермегі қәміл, – дейді палата басшысы.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Басы 1-бетте

ҒЫЛЫМ

ТҮЙЕ ТІКЕНЕГІ ДӘРІГЕ АЙНАЛАДЫ

Альцгеймер – 1906 жылы неміс психиатры Алоис Альцгеймер тарапынан сипатталған нейрогенеративті сырқат. Бұл ауру, яғни ұмытшақтық ауруы әдетте 65 жастан асқан адамдарда көбірек кездеседі. Бұл аурудың басты себебі – мидың шаршауы мен есте сақтау қабілетінің төмендігі. Дәл осы ауруды емдейтін дәріні Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары жасамақ.

Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі хабарлауынша, Қызылорда университетінің ғалымдары Еуропалық одақ грантын жеңіп алды. Осылайша олар Португалия, Нидерланды, Дания, Ресей, Беларусь пен Украина елінің ғалымдары бар дәрі әзірлеушілер тобына енді.

Альцгеймер мен паркинсон аурына қарсы дәрілік препаратты дайындау үшін ғалымдар Қазақстанның оңтүстік аймағында өсетін түйе тікенеген пайдаланбақ. Сыр елінің ғалымдары өсімдіктен атеросклероздың бастапқы формаларын емдеуде тиімді биологиялық белсенді заттарды алды.

– Біз дәрілік өсімдік – түйе тікенегіне зерттеу жүргізу үшін Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің грантын ұтып алдық. Содан кейін біз оның құнды қасиеттерін анықтадық. Өзіміз ашқан жаңалықты Португалияда таныстырып, олар біздің ғылыми әзірлемелерімізге қызығушылық танытып, ынтымақтастық ұсынды. Жобаны орындау кезінде флавоноидтардың суда еритін формаларын аламыз, оларды көміртекті наноматериалдармен модификациялаймыз. Шетелдік ғалымдар жедел тест өткізіп, біз анықтаған наноматериалдар Альцгеймер және Паркинсон ауруларының дамуына кедергі келтіретінін және пациенттерді аурудың алғашқы кезеңдерінде емдеуге көмектесетінін растады. Сонымен қатар түйе тікенегінен алынған модификацияланған биологиялық белсенді заттардың жанама әсерлері жоқ және адам денсаулығы үшін қауіпсіз, – дейді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры Нұрбол Аппазов.

Қызылордалық ғалымдар шетелдік әріптестерімен бірге байқауға қатысу үшін өтініш білдіріп, нәтижесінде «Horizon-2020» бағдарламасы бойынша Еуро одақтың грантын жеңіп алды. Бүгінде ғалымдардан құралған ғылыми топ клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеу жүргізуді жоспарлауда.

Қорқыт ата атындағы университеттің ғалымдарында басқа да инновациялық жобалар бар, кейбірі тіпті

коммерцияландырылған. Мысалы, химик-ғалым Нұрбол Аппазов қара алтынды мұнай шламынан өңдеудің тиімді әдісін ойлап тапқан. Бүгінде бұл жоба Құмкөлдегі ірі мұнай-газ кен орындарының біріне енгізілген. Сырбойылық ғалымның жобасы тиімді әрі үнемді деп танылған. Одан бөлек күріш сабанынан целлюлоза алу жобасы қағаз өндірісінде қолданысқа енгізілді. Бұрын астық жиналып, күріш сабаны мен қауызы өртелетін еді. Ал Сыр ғалымдары ойлап тапқан жоба экологиялық та, экономикалық тұрғыдан да тиімді. Бүгінгі таңда күріш сабанының дәні мен қабығынан қағаз, белсендірілген көмір мен тыңайтқыш-биочар жасалуда.

Қызылорда ғалымдары соңғы үш жылда 60 бірегей ғылыми жобаны патенттеген. Алдағы уақытта 10-нан астам жобаны коммерцияландыру жоспарлануда.

«Ақмешіт-ақпарат»

МАЙНИНГ: майшелпек пе, машақат па?

МАЙНИНГТІҢ МӘНІСІ

Майнинг және майнердің мағынасын осы саладағы инженер Асхат Сыдықұлы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында егжей-тегжейлі түсіндіреді. Майнингтің майын ішкен инженердің түсіндірмесін өз рұқсатымен сол күйі келтірдік.

«Криптовалюта дегеніміз арнайы онлайн платформада (Pool) жасалған цифр-ақша, яғни ол тек цифр түрінде ғана болады. Ал сол цифр ақшаға қол жеткізу үшін арнайы компьютер керек, ол компьютер майнер деп аталады. Майнердің көбі Қытайда жасалады, жаңа майнерлердің максимал есептеу жылдамдығы (хэшрейт) 112 терахэш/сек дейін жетеді.

Майнердің негізгі бөліктері: сыртқы корпусы, бақылау платасы, есептеу платасы, салқындату панелі, вентилятор мен қуаттау блогы. Яғни құрылысы қарапайым, оқу мен үйренуге жеңіл дүние.

Майнинг дегеніміз криптовалюта тұратын онлайн платформадан (пул) цифр ақшаны қазу процесі.

Майнингпен айналысу үшін алдымен пулдардың біріне тіркелесіз және қазған цифр ақшаңыз сақталатын әмиян ашасыз. Майнеріңіздің «настройкасын» жасап интернет арқылы өзіңіз тіркелген пулға жалғайсыз.

Майнеріңіз күн-түн демей жұмыс істеп пулдағы мың миллион күрделі математика есебінің жауабын іздейді. Әрбір дұрыс тапқан жауабы үшін цифр ақша алып отырады. Ол цифр ақшаны биржада сатасыз да банк картаңыздан қолма-қол ақшаны шығарып аласыз.

Ал ферма дегеніміз жүздеген, тіпті он мыңдаған майнердің бір жерде жұмыс істеуі.

Айтуға жеңіл болғанымен майнингтің өзіндік қиындықтары бар. Оны тек сол салаға ендей кірген адам ғана ұғады. Ал сырт көзге ол бір жалған дүние ғана».

«АРҚА ЖЫЛЫ БОЛСА, АРҚАР АУЫП НЕСІ БАР?»

Майнинг фермалар шоғырланған, бүгінгі күнге дейін майнинг саласында әлемдегі ең ірі криптовалюта өндіруде көшбасшы Қытай елі соңғы кезде бұл саладан неге жеріді? Анығын айтқанда соңғы жылдары Қытай үкіметінің криптавалютаға деген көзқарасы мұндағы майнинг саласын әлсіретті.

Бейжіңде цифрлы валютаға қарсы алғашқы қадам 2017 жылы басталып, Қытай үкіметі жергілікті криптовалюта биржасын жапты. Мұнан кейін 2019 жылдың маусымында Қытай халық банкі ішкі және шетелдік криптавлюталық биржаларға кіруді бұғаттағанын хабарлады. Ал 2021 жылдың мамыр айынан бастап Қытай үкіметі ірі майнингтік кәсіпорындарды жаба бастады және биткоин өндіру мен сатуға қатаң тыйым салды. Осының салдарынан Қытайда биткойн өндіру үшін пайдаланатын есептеу қуаттарының көлемі бір айда 48 процентке төмендеген. Осыдан кейін Қытайдан майнинг фермалардың ұлы көші басталды деуге болады. Яғни майнинг фермалар өзіне жайлы қоныс іздеп, криптавалюта өндіруге қолайлы саналған АҚШ, Ресей, Қазақстанға көшті. Енді майнинг фермалар көшінің Қазақстанға әсері қалай болғанына тоқталайық. Кембридж орталығының мәліметіне сүйенсек, Қазақстан әлемде биткоин өндіру бойынша 3-ші орынға шықты. Әрине, бұл – ұлы көштің нәтижесі. Майнингтік фермалар көптеп қоныстанған Қазақстан үшін бұл тиімді ме? Пайдасы мен зияны қандай?

Ең әуелі майнинг фермалар жылы орнын неге суытты деген сұрақ туатыны айдан-анық. Мұндайда қазақ «Арқа жылы болса, аркар ауып несі бар?» дейтіндей, белгілі сарапшы мамандар майнинг саласының ел экономикасының бүйірін томпайтатын болса, ендеше Қытай неге бас тартты дегенді алға тартады. Бұл туралы түрлі пікірлер бар. Пікірлерді сараптап көрелік.

Кейбір сарапшылар пікірінше, Қытай билігінің биткойнға қарсы «соғыс» ашуына экологтардың жанайқайы да әсер еткен болу керек. Себебі әлем бойынша майнингтің көп бөлігінің өндірілуі жаңартылмайтын энергия көздері арқылы жүзеге асуда. Бұл ауада көміртек ізін қалдыруда. Осы орайда айта кетелік, Илон Маск Tesla компаниясы өз өнімдеріне биткойнмен төлем жасауға тек экологиялық талаптарға сай өндірілсе ғана рұқсат беретінін жариялаған.

Бұл талапқа келгенде біз әлі төмен қараймыз. Бүгінде елде экономиканың барлық саласы бойынша қажетті энергияның барлығы жаңартылмаған энергия көзінен алынады. Халықарлық энергетикалық агенттігінің мәліметі бойынша Қазақстан көмір өндіруден әлемде 9-шы орынды иеленеді. Осы жылғы мәлімет бойынша Қазақстан электрэнергияның 70 процентін көмірден өндірсе, 20 процентін табиғи газ арқылы өндіреді. Елде жаңартылған энергия көзі бар болғаны 1 процентті құрайды.

Басы 1-бетте

Бүгінде Еуропада экономикада көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу тенденциясы бар. Сонымен 2022 жылдан бастап Еуроодаққа мүше елдерге көміртегі импортына салық енгізілмек, әрине, бұл Қазақстанға да қатысты. Бұл қазақстандық компаниялардың шығынын көбейтпек. Бұл орайда биткойн өндіруді қосқанда көміртекті пайдаланумен өнім өндіретін Қазақстанда экономиканың барлық саласы бойынша бәсекеге қабілеттілік төмендейді деген пікір білдіреді сарапшылар.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ЖҰТЫ

Мамандар пікіріне сүйенсек, майнинг саласы – электр энергиясының нағыз жұты. Майнинг фермалар үшін Қазақстанның өзге елдермен салыстырғанда қолайлы болу себебінің бірі электр энергиясы бағасының арзандығын қолай көреді деген пікір де жоқ емес. Алайда жаңартылған энергия көзі бар болғаны 1 процентті ғана құрайтын ел үшін майнинг саласы қандай пайда әкелмек?

Кембридж университетінің зерттеушілері биткоин өндіру жыл сайын өте көп электр энергиясын тұтынады деген қорытынды жасады. Яғни жылына шамамен 121,36 терават-сағат электр энергиясын жұтады. Ал майнинг фермалардың қоршаған ортаға әсері туралы «Greenpeace» халықаралық экологиялық ұйымы бірнеше рет мәселе көтерген. Ал «Nature Communication» журналы ғалымдар пікіріне сүйеніп, 2024 жылға қарай Қытайда температураның жылынуы Филиппиннен де асып түседі деген болжам жасағанын жазады.

КҮТПЕГЕН САЛЫҚ

Бұл майнерлер үшін күтпеген жағдай еді. Жайлы қоныс тауып, жұмысын бастап кеткен майнерлік фермалар үшін жаңа салық енгізу жайы талқылана бастағанда олар мұның тиімсіз екенін айтып, дабыл қақты.

Мәселен, «Қазақстандағы блокчейн және дата-орталықтар индустриясы қауымдастығы» ЗТБ президенті Алан Дорджиев республикалық басылымдарға берген сұхбатында Салық кодексіне өзгеріс енгізу асығыс шешім екенін айтады. «Цифрлық майнинг – технологиялық процесс. Бұл – түрлі IT өнімдерін өндіруге негізделген сала. Майнингті смартфонда және компьютерде, үйде және жұмыста жасауға болады. Салық кодексіне түзетулер енгізу қабылданса бұл өз пайдасын икемдеп пайдалануға жол ашады. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызады. Егер 1 киловатт-сағатына 1 теңге қосымша салық енгізілсе, онда негізгі қосымша құн салығы және корпоративтік табыс салығы секілді негізгі салықтардан басқа, майнерлер Қазақстан бюджетіне 4,4 млрд теңге төлейтін болады. Шетелдік инвесторлар мұны мемлекеттік органдар секторды басқаруға ұмтылу деп қабылдап, болашақта оған реинвестиция жасауға деген қызығушылығы бәсендейді»,– дейді ол.

Бүгінде нарықта 17 майнингтік дата орталық бар. Энергетика министрлігінің дерегі бойынша, цифрлық майнингтің дата-орталықтары тұтынатын электр энергиясының көлемі 500 мегаватты құрады. Майнинг нарығының көлемі – жылына 4,38 млрд киловатт-сағат. Электр станцияларының электр энергиясы үшін төлейтін ақысы жылына 57 млрд теңге. Сонымен қатар жылына тағы 10-15 млрд теңге жалақы төлеуге, құрылысқа, жергілікті энергетикалық өнімді сатып алуға жұмсалады. Жылына 70 млрд теңге – бұл шетелдік валюта түрінде майнинг қызметтері үшін түсетін ақша. Бүгінде елде майнинг саласында 800-дей адам жұмыс істейді екен. Бұлар – инженер энергетиктер, электриктер, IT мамандары, микрочиптер мен платалар жөніндегі электроника мамандарына жоғары ақы төленетін жұмыс орындары. Бір айта кетерлігі, елде майнинг саласының дамуымен қоса IT мамандарға, инженерлер мен электрик мамандарға сұраныс артқан. Яғни жалақысы жоғары жаңа жұмыс орындары пайда болды.

Ал бұл мәселеге цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин майнерлерден қосымша салық төлеуді заңды түрде талап ету көлеңкедегі кәсіпті жарыққа шығаратынын жеткізді. Министрдің сөзінен үзінді келтірсек: «Біз – майнинг саласын заңдастыруға бағыт алған елміз. Бірақ оны заңдастырып, кәсіпкерлік қызмет ретінде тіркелуге компаниялар аса құлықты емес. Майнингпен айналысса да көлеңкелі аймақта жүрген компаниялар бар. Олар электр энергиясын пайдаланып отыр. Бірақ жасырын жұмыс істейді. Сондықтан 1 кВт энергия үшін 1 теңге деген баға белгіленді. Мұндағы мақсат – аталған компанияларды көлеңкеден шығару. Майнинг саласының дамып жатқанына қарамастан қосылған құнды сіз де, мен де сезініп отырған жоқпыз. Өйткені ешкім салық төлемей отыр. Инвестиция келіп жатыр. Инвестиция әрбір қазақстандықтың игілігіне жұмыс істеуі үшін барлық майнинг фермаларды заңдастыру қажет. Криптоиндустрияның барлық табысы майнинг саласынан түсіп жатыр. Биткойнді осында жасағанмен, шетелде сатады. Бұдан бөлек криптобиржа бар. Осы биржаларды дамытсақ, табыс ұлғаяды. Біз екі бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Бірінші кезекте барлық майнинг фермалар көлеңкеден шығарылады. Олар «Astana Hub» мекемесіне тіркелсе, 20 процент корпоративтік табыс салығынан босатылады. Қазір 1 кВт үшін белгіленген 1 теңге – символдық төлем ғана. Электр энергиясын өндірушілер майнинг фермаларына қуат бергеннен қайтарым жоқ екенін алға тартып отыр. Ал майнерлер символдық төлем көлеңкеден шыққаннан кейін 10 теңге болып кетпей ме деп қауіптенеді. Нақты айтайын, мұндай өсім болмайды», – дейді министр.

Қалай айтқанда да, Қазақстанда майнинг өндіруді дамыту мақсатында ел Президенті майнерлердің салық төлеуі туралы заңға қол қойды. Жаңа заң алдағы жылдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді. Сондай-ақ жаңа ереже бойынша майнинг өндірушілер үшін 1 квт/сағ электр энергиясына 1 теңге төлеу тәртібі енгізілді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Әдетте адамзат бойындағы біз байқай бермейтін келеңсіздік пен кемшілікті, мінез бен мінді, әдет пен қылықты ақыл көзімен көруге қауқарлы жан бірен-саран. Әсіресе, сондай санаулының көргенді көңіл таразысымен екшеп, қоғамға жеткізе білуі уысқа түсе бермес ұлы өнерге баланады. Әрі бұл өнердің сан салалы сатира, ойлы оспаққа қатысы болса, айтар сөз тіпті бөлек. Бүгінгі әңгімеге арқау болған Сыр бойы сатирасының саңлағы сұңғыла ойлы ақын-сықақшы, ақеден көңіл Қазыбек Әшірбекұлының шығармашылығы да көңіл түкпіріндегі тінді тарқатар құнды қабілетке ие.



КІРПІЛІ СӨЗДІҢ ИЕСІ

Қаламгер шығармашылығымен алғаш танысқан оқырман қоғамдағы әлеуметтік үрдіс пен адам мінез-құлқын ақынның негізгі нысана етіп алғанын бірден аңғарары анық. Себебі әзіл әлемінде 30 жылға жуық қалам тербеген сықақшы ойға түйген түйіткілді мәселені, кездестірген кемшілікті өлең өрнегімен жеткізуге бұрыннан машықтанған. Шындықты айтуды айғайлау, кемшілікті көрсетуді күндеу деп түсінетін қоғамда шынайы сынның табылуы қиынның қиыны. Қазыбек Әшірбекұлының олқылықты көрсетуде төтеден салмай, тұспалмен ұштастыруға әуестігінің сыры да осы дұрыс сынға лайықты шығарма жазуға құлшынысында жатса керек.

Мысалы, ақын «Адам мен ақша» атты өлеңінде:

«Ақша – адамның ажары,
Банк оның базары...
Нарықта бар халықтың
Несиеге ауған назары..», – деп, несиеге байлаулы қоғамның бір ауруын тұщымды төрттағанмен сипап өтсе, енді бірде:

«Көріпкелдің «көрісі» көбейіп,
Емшілердің өрісі кеңейіп,
Қарақұрттай қаптап кетті...
Діндарлар тым «данышпан» болып,
Дінбұзарлар ту алыстан келіп,
Сұмдықты ішіне сақтап кепті.
Көріпкелге сенетіндер көбеюде,
Дінбұзарға еретіндер көбеюде», – деп, сөз-сойылмен төпеп алады.

Бір таңқаларлығы, ақынның өткен ғасырда жазған қай шығармасы болсын, бүгінгі адамның психологиясы, ойлау дағдысымен дәлме-дәл келе қалады. Мәселен, сықақшының «Сатқындық», «Қорқаудың түрлері», «Кімге не қымбат?» атты өлеңдерінде адамның билікті сақтап қалуға жасаған пендешілігі суреттелген. Ондағы бейнеленген оғаш қылық, олқы сәт қазіргі таңға дейін өзегін жоғалтпаған адам міні болып жалғасып келеді. Бұл бір жағы ақынның өміршең тақырыпқа ұмтылғанын білдірсе, екінші тұсы қанша уақыт өтсе де адам бойындағы кемшіліктің бірге жасап жүргенін білдіргендей ме? Ақынның өзі айтпақшы, бұл да «қызық бір кезеңнің» жалғасы болар, бәлкім...

Сатириктер арасында жазу мәнерімен ерекшеленетін Қазыбек Әшірбекұлы мәселені сынаумен шектелмей, шешу жолын да қоса ұсына білген. Әсіресе, парақорлық пен дүниеқоңыздық кемел келешекке кедергі келтіретінін шебер жеткізіп, құтылудың тура жолы ар-ұят дегенге жетелейді. Ішкі жан дүниесі таза, көңіл көзі ояу жанның бейәдеп іске бармасын мысал етеді. Ал тоғышарлықты түп тамырымен жою үшін ар-намыстың биік болуы абзал екенін де ұран еткен. Ақынды жақын танитын азаматтардың бәрі қаламгердің осы айтылған құндылықтарды жалған айтпағанын, Қазыбек Әшірбекұлының да ойы азат, көңілі кіршіксіз жан екенін аузынан тастамай келеді. Ақынмен жолыққан әрбір оқырман мұндай құрметтің мән-маңызын, бағалау сөзінің жалған емесін жазбай таныры анық.

Қаламгер айтудың жөні осы екен деп, дүрсе қоя жалаң ұранға бой алдырмайды. Керісінше, жемқорлық, парақорлық секілді әрекетті әзілді бізбен түйрей түседі:

«Трә-лә-ләм, Трә-лә-ләм!
Потихонько пара алам...
Мені періште дедің бе?!
Без жүз мың бер кемінде!
Кім тындырар бұл күні,
Тірлігіңді тегінге», – деп тамыр жайған дерттің бет-бейнесін ашуға тырысады. Кейде жоқ пен бардың парқын білмегенге де өз ренішін өлеңмен жеткізуге құлшынған:

«БАР түкірсе мол болар,
Бірақ түкіруі қиын.
ЖОҚ түкірсе нөл болар,
Болғанмен құны «тиын».

Сұңғыла сатирик өмірдің одағай жақтарын ғана суреттеді десек, қате болар. Ақын ауыл адамдарының мінез-құлқы, қыз бен жігіт өмірі секілді сан алуан тақырыпқа да мойын бұрды. Ол аз десеңіз, қоғамдағы келеңсіздік ғана емес, әлеуметтік кемшілік, отбасындағы олқылықтарды да Қ.Әшірбекұлының шығармашылығынан табуға болады. Отбасындағы кикілжің себебі, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасының қалтарыс-бұлтарысын терең иірімдер арқылы қалжыңға сүйеп, суреттей алған. Әдетте күнделікті кездесетін көзқарас қайшылығы да сырт қалмайды. Мысалы, «Әйелсіз күнің жоқ» деген өлеңде:

«Бәрімізді бас салады,
Бағынбасаң, бас салады.
«Тентек» болсаң, тілмен тек,
Байқамасаң бас «жарады».
Басқа еш міні жоқ,
Тіліне тыным жоқ...
Қалай десек те,
Әйелсіз күнің жоқ», – деген әзілшыны аралас ой қорытса, «Он алты еркек» атты шығармада:

«Қажет пе, миыңа осы молотушка?!
Нарықта надо думать «немнушка».
Жағдайы жанұяның жауыр кезде,
Жаным-ау, зачем керек молодушка?!» – деу арқылы әлеуметтік мәселені сәтті көтереді.

Жалпы, сатириктің мұндай ұтымды кірпілі мысалдары – өткен жолдың жалғасы. Неге десеңіз, ақын өзіне дейінгі алдыңғы буын сықақшы ақындардың шығармашылығынан нәр алып, оны өз болмысымен тоғыстыра қайта жырлауға құлшынған. Тіпті ол бір сөзінде: «Менің мұғалімім – кітап пен газет-журнал. Содан кейін – Асқар Тоқмағамбетов» деді. Осыдан-ақ Қазыбек Әшірбекұлының қоржынындағы әзіл-қалжыңның басым дені Сыр бойы ақындарының озық оспақтарының лайықты жалғасы десек, артық емес. Әсіресе, Асқар ақынның өлеңдерімен өзектес, мысалдармен мазмұндас болуға талпынып, бой түзеуге талпынады. Осы мақсатта Сыр бойының саңлақ сатиригі А.Тоқмағамбетовтың ізімен «Дейді екен...» атты әзіл өлеңі де жарыққа шыққан. Кезінде өңірдегі газдандыру жүйесін сынауда дәл осы Асқар ақынның сүрлеуімен жеткізуде біршама оқырманға ой салған еді:

«Көгілдір отын «Құмкөлде»,
Толып жатыр дейді екен.
Бейберекет сол жерде
Болып жатыр дейді екен.
Көгілдір отын қалаға
Қашан келеді дейді екен?
Босқа жанбай далада,
Қашан береді дейді екен?...» – деп сол тұста маңызды мәселеге үн қатыпты.

P.S. Қазыбек Әшірбекұлының әзілі – арзан юмор, бос күлкінің ізі емес, салмақты ой, салалы пікірдің белгісі. Оның қаламынан туған қалжың-әзіл қоғамдағы талай қойыртпақ мәселенің қалыпқа түсуіне түрткі болып, оқырманның іздеп жүріп оқитын туындыға айналды. Егер біз нағыз сатираны дабыра дидактикадан алшақ, бос әңгімеден ада өнер деп қабылдасақ, Қазыбек Әшірбековтың өміршең оспақтары шынайы әзіл-қалжыңның озық үлгісі екеніне көзіміз жете түсетіндей.

Айта кетелік, сатирик шығармашылығына қалам тарту оның туған күнімен тұспа-тұс келді. 75 жасты еңсерген ол әлі де қаламын қолынан тастаған емес. Қоғамның кемшілігін түзеуге қаламыңызбен үлес қоса беріңіз, аға!

Ерсін ШАМШАДИН
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЗАҢ ҮСТЕМДІК ҚҰРҒАН ЖЕРДЕ ӘДІЛЕТСІЗДІККЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ СОТ ҚЫЗМЕТІ

Қызылорда облыстық сотының ресми сайтындағы облыстағы сот тарихы туралы мәліметтерге сүйенсек, 1917 жылы қазанда Кеңес үкіметі орнап, сот жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Сол жылы 5 желтоқсанда «Сот туралы» №1 Декреттің нұсқауларына сәйкес «жергілікті сот билігін Ресей Федерациясы атынан шеше бастады». Кеңес үкіметінің декреті бойынша аймақтардағы сот мекемелерін, буржуазиялық қалалық думаларды және басқа өкілетті органдарды қысқарту басталды. Алайда 1919 жылғы шілдеде қабылданған Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару туралы Уақытша Ереже негізінде өлкеде сот жұмысы қажетті жолға қойылды.

1923 жылдың сәуірінде Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің қаулысымен РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі ашылды. Бөлімнің ашылуымен өлкедегі халық соты, губерниялық сот және РСФСР Жоғарғы Соты бөлімдерінен тұратын үш сатылы сот жүйесі құрылды.

Осы кезеңнен бастап қазақ заңгерлері өлкедегі сот билігінің дербес салтанат құруы үшін еңбек етіп, бұрынғы билер сотының жасампаз дәстүріне адалдық танытты. Кеңестік қоғамда әділ заңның үстемдік құруы жолында Нығмет Нұрмақов, Тілеужан Мұқашев, Мырзағұл Атаниязов, Ғұмар Жүнісов, Петр Громов, Қазмұхамет Құлетов, Шаймерден Бектұрғанов, Әбдірахман Құскелдиев сынды азаматтар қызмет етті.

Ал Қызылорда облыстық сотының тарихы сөз болғанда ең алғаш ойға оралатын тұлғалар, заңгер қатарынан Жоғарғы Соттың төрағасы лауазымына дейін көтерілген азаматтар ойға оралады. Оның ішінде 1932-1934-жылдары РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің төрағасы болған Қ.К.Құлетов, О.Б.Адамбаев, Бекайдар Жүсіпов сынды азаматтар бар.

Сыр елі 1938 жылы дербес облыс ретінде танылғанға дейін он жыл бойы өңірде Қаз АКСР Халықтық Комиссариатына бағынысты округтік сот жұмыс істеген. Округтік сот заңмен белгіленген істерді жүргізу жөніндегі бірінші сатыдағы, ал бағынысындағы халық соттары ісі жөніндегі екінші сатыдағы сот болып бөлек есептелді. Бұл соттың құзырына Қызылорда, Қазалы, Арал қалалық және 140 елді мекенді қамтыған Қызылорда, Шиелі, Қараөзек, Қазалы, Қармақшы, Қарсақпай, Аламесек аудандарының соттары енген болатын.

Жалпы ол уақыттағы сот ісін жүргізу бірқалыпты жағдайда болды деуге әсте келмейді. Округтік соттарда штат саны мейлінше аз болған. Мәселен, округтік соттың қылмыстық және азаматтық сотты қоса есептегенде нәбәрі 12 қызметкер болған. Төрағалар мен жетекші мамандар жиі ауысып, бұл өз кезегінде жұмыстың жүйелі жүруіне кедергі келтірген.

1930 жылы желтоқсанда окргутік халық соты таратылып, 1931 жылдан бастап аймақтағы сот ісін Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының көшпелі сессиясы атқарды.

Ал аймақтағы соттың жаңа кезеңі 1938 жылдың 15 қаңтарында Қызылорда облыс болып құрылған кезеңмен тығыз байланысты. Себебі сол жылы 4 наурызда облыстық сот құрылды. Жаңадан құрылған Қызылорда облыстық сотының алғашқы төрағасы болып Ақдәулетов, төрағаның орынбасарлары болып Өтеулин, Бөкенбаев, А.Досамбаев тағайындалған. Облыстық сот жаңадан құрылып, оның сот істерін конституциялық талапқа сай жолға қоюда осы заңгер-қайраткерлер, соттар табанды қызмет атқара білген. Алайда архивтік құжаттар дерегіне көз салсақ, заңгер кадрларды басшылық лауазымда аз ғана уақыт ұстап, жиі ауыстыра отырып, тұрақтатпау саясаты басым болған.

Қазақстан Тәуелсіздік алған жылы 12 наурызда облыстық сот төрағасы болып Б.Асқаров, ал оның орынбасарлары болып Б.Сариев пен Ғ.Шыңғысова тағайындалып, олар 1995 жылғы 20 қазанға дейін қызмет атқарған.

– Егемендік алғаннан кейінгі сот жүйесін реформалау аясында жасалған оң өзгерістер облыстық сотты да айналып өтпеген. «Елу жылда ел жаңа», демекші егеменді ел басшыларының тәуелсіз сот жүйесін құру бағытындағы бастамалары облыстық сот саласына

айтулы жаңалық пен серпіліс алып келді. 2002 жылға дейін облыстық сот төрағалығы қызметінде Б.Асқаров, М.Ыбраев, Б.З.Сақаловтардың секілді бірқатар білікті де білімді заңгерлер, олардың орынбасарлары болып Б.Сариев, Г.Шыңғысова, Ә.Елібаев, С.Баймаханов, Б.Қалымбет,Қ.Адрановтар Қызылорда облыстық сотының қалыптасуына өз үлестерін қосты.Сонымен қатар Қызылорда қалалық сотының қалыптасуына өз үлестерін қосқан төрағалар Т.Ғаниев, М.Ахметовтың еңбектерін айтып өткен жөн, – деді «Құрметті судья» атағының иегері Зина Ізбастықызы.

Сондай-ақ ардагер судья Зина Жаңбыршаева былайша еске алады: «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қызылорда облыстық сотының жұмысы бірден жақсарып кетті деуге келмейді. Сот жүйесін жақсартуда ғимараттар, жаңа үлгімен жабдықталған сот залдары, компьютерлер, білімді кадр жетіспеушілігі байқалды. Барлық аудандарда партия, кеңес органдарынан босаған көрнекті ғимараттар соттарға беріле бастады. Қаланың ең көрікті жері – қала алаңында орналасқан әсем ғимарат сот қызметіне берілді. Бұл ғимаратта Қызылорда облыстық, қалалық, мамандандырылған ауданаралық экономикалық, әкімшілік соттары, әділет басқармасы мекемелері орналастырылды».

Міне, осынша саяси өзгерістер мен қызметтік қиындықтарды бастан кешірген аймақтық сот бүгінгі жаңа заманда жаңашыл қызмет атқаруда. Қазіргі кезде облыстық сот судьяларының орташа еңбек өтілі он бес жылдан асады. Білікті де білімді мамандар жасақталған облыстық соттың еш қиындықсыз қызмет етуіне де бар жағдай жасалған.

ПРОКУРАТУРА ТАРИХЫ

Қазақ жерінде прокуратураның алғашқы қызметі мен дамуы 1922 жылдан бастау алады. Қазақстан Орталық атқару комитетінің III сессиясының 2 шақырылымының шешімімен Әділет халық комиссариатының құрамында мемлекеттік прокуратура органы құрылды. 1933 жылы оның өкілеттілігі кеңейіп, басқарма құрылып дербес атанды.

1937 жылы Конституция қабылданып, Әділет комиссарынан прокуратура толықтай бөлініп, құқық қорғау органдарының дербес құрылымы ретінде жұмыс істей бастады.

Алғаш болып бұл салада қызмет еткендер қатарында болған Сүлеймен Есқараев, Нұртаза Ералин, Сәдуақас Мәмбеев, Жанайдар Сәдуақасов, Боран Айтмағамбетов, Қанай Боранбаев, Мырзағұл Атаниязов және Нығмет Нұрмақов сынды азаматтар саяси құғынға ұшырады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында елдегі 885 прокуратура қызметкерінің 411-і қарулы күштер қатарына шақырылып майданда болды. Соғыстан кейінгі жылдары олар ауыл шаруашылығын қалпына келтіруде де белсенді қызмет етті.

Облыстық прокуратураның баспасөз қызметі берген мәліметтерге сүйенсек, Сыр еліндегі прокуратурада алғашқыда тек уездік-қалалық және учаскелік прокуратура жұмыс істеген. Қызылорда уезке айналған тұста тек Қызылорда мен Қазалыда ғана прокурор болған.

Алғашқы облыс прокуроры болып Дмитрий Ворожеев тағайындалған. Жергілікті елді мекендерде санаулы тергеушілер ғана болған. Уезік-қалалық прокуратурада үш техникалық қызметші қалың көпшілікке заң жүйесін, ақпараттық-танымдық мақсатта қызмет еткен.

Осы уақыт аралығында облыс прокуроры қызметінде Ж.Құттымұратов, Ү.Тапалов, Б.Қосаев, Х.Үйсінбаев, М.Әбділқадыров, М.Қалиев, С.Ерімбетов, Б.Асқаров, Қ.Төлегенов, З.Лақпаев, Ә.Кәрім, Б.Есенбеков, С.Нұрпейісов, Х.Дәуешов жұмыс атқарып, облыс аумағында заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға өз үлестерін қосты.

Қай кезде де прокуратураның мәртебесін көтеріп, беделін биіктеткен, жас мамандардың кәсіби шеберлігін көтеріп, адалдық пен азаматтық парасат жолында еңбек еткен – И.Сейітов, П.Әбдірахманов, А.Сапарбеков, Д.Сәулебеков, Ж.Өтемұратов, А.Байбазаров, Ә.Кенжеғараев, Ә.Әбілдаев, Б.Қосмаханов, К.Оспанов, Ж.Аппазов, К.Пірімжанов, С.Қараманов, Б.Сыздықов, К.Алданазаров, Г.Асқарова, Б.Карбозов, М.Махшатов, О.Көмекбаевтар өңірлік прокуратурада абыройлы еңбек етті.

Ал Қызылорда қалалық прокуратура құрылғаннан бастап қала прокуроры қызметін М.Ажмұхамедов, С.Бисенов, А.Сапарбеков, П.Әбдрахманов, А.Әлібаев, В.Климов, Б.Сыздықов, А.Тұрғанбаев, М.Тәжіғұлов, Ә.Абдуллаев, Н.Бижанов, Д.Сыздықов, А.Махамбаев, А.Адай, М.Досмағанбетов, А.Бекмұхановтар абыроймен атқарып, қала аумағында заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға өз үлестерін қосты.

Бүгінгі күні облыстық прокуратура қызметінде 142 қызметші, оның ішінде 133 жедел және 9 әкімшілік мемлекеттік қызметшілер бар. Олар облыстық аппаратта, 2 қалалық, 1 табиғат қорғау және 7 аудандық прокуратурада қызмет етеді.

Облыстық прокуратура азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау, жедел-іздестіру, тергеу ісінің, сот қаулылары мен атқарушылық өндірістің заңдылығын қадағалау, тағы басқа өзіне жүктелген салалар бойынша оңтайлы жұмыс атқаруда.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек аукымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;
- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;
- мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

О. ИГИЛЬМАНОВ,
Қызылорда қалалық аумақтық инспекция бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қарауылтөбе ауылдық округі әкіміне үміткерлердің сайлаушылармен кездесуі 2021 жылғы 22 қыркүйек күні сағат 16.00-де Қарауылтөбе ауылдық округі, А.Иманов көшесі №1а мекен жайда орналасқан «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «А.Хангелдин атындағы №179 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратында өтеді.

Қалалық сайлау комиссиясы

Басы 1-бетте

АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

Қасиетті Қазығұрттың шығыс жағындағы биік жотаны жергілікті жұрт Ғайып ерен Қырық шілтеннің киелі мекені санайды. Ондағы тас мүсіндердің арасында ерекше сыр бүккен Ата-тас пен Ана-тас тұр. Мұны көпшілік Адам ата тасы мен Хауа ана тасы деп те атайды. Тұрақты айдарымыз бойынша біз осы жолы екі жартасқа жолымыз түсіп, сондағы көзбен көрген керемет көрініс, құлақпен естіген әсерлі әңгімелерді жариялағанды жөн көрдік.

ТАСТЫҢ ТӨРЕСІН БІЛЕСІЗ БЕ? ОЛ – «АДАМ АТА» МЕН «ХАУА АНА»

ШЫРАҚШЫ ШЫҢҒА ШЫҒАРДЫ

Жалпы Түркістан облысы қасиетті жерлер мен таңғажайып аңыз-әңгімелерге бай. Мұндағы киелі орынның бірі – Адам ата мен Хауа ана жартасы. Ол Леңгір қаласының жанында орналасқан. Мұнда келушілер қарасы көп. Олар жартасқа келген кезде ең алдымен дәрет алып, тазаланады. Шырақшы осыны міндеттейді, сондай-ақ бас киімсіз тауға шығуға қатаң тыйым салынған. Шыңға шықпас бұрын шырақшы фото мен видеоға түсіруге болмайтынын ескертті. «Журналист ретінде оқиға орнынан репортаж жасаймын» деген ойым су сепкендей басылды. Бірақ ол айтқан дүниелерді миға сақтап алуға тырыстым.

Айтпақшы, бұл тас алқабы «Ғайып ерен Қырық шілтен» немесе «көзге көрінбейтін қырық періште» деп аталады. Аңыз бойынша олар адамдарға Адам мен Хауаның қиын сынақтарынан өтуге көмектесетін, сондай-ақ бұл жерді ерекше күш пен қуатқа толтыратын қасиетті рухтар бар деседі.

Тау басына шыққан сәтте айналаға көз жіберсеңіз, ортасынан қақ бөлінген жартасты бірден байқайсыз. Бұл – Адам ата мен Хауа ананың жартасы. Мұнда келушілер осы қос жартастың ортасынан өтуді мақсат тұтады. Ал бұл екі кәрі тастың арасынан кез келген адам өте алмайды. Тек жүрегі таза, денсаулығы мықты жандар ғана кедергісіз өтіп кете алады деп жатады көпшілік. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, жартас жүрегінде қорқынышы бар адамдарды өткізбеуі мүмкін. Қуыстан өткен кезде ең алғаш оң иықтан бастау керек. Бұл аралықтан тек 13 жастан асқан жандарға ғана өтуге рұқсат етіледі. Ені 14 сантиметр, ұзындығы 30 метрлік бұл қуыста тоқтап қалуға болмайды. Үнсіздікте, тек жүрегінің дүрсілін ғана сезініп бір демде жүріп өтесіз.

МЕН ДЕ ӨТЕМІН ДЕП ШЕШТІМ

Алыстан білінбегенімен, дәл түбінде тұрғанда екі айырылған қос жартасқа таңдана қарайсыз. Табанында жіңішке жалғыз аяқ жол сорабы жатыр. Жергілікті жұрт киелі санап, қос жартасқа қарап, Аллаға сыйынып, жалғыз аяқ жолмен арғы бетке өтеді. Алдымыздан қарсы алған шырақшы «осы тастың арасынан өтсең, ойлаған мақсатыңа жетесің», – деп түсіндіріп қойды. Сол айтқан сөзі бізді одан сайын құлшындыра түсті. Қырыңнан тұрсаң әрең сиятын мына саңылаудан өту мүмкін еместей, сосын қол созымнан кейін жіңішке жол кілт бұрылып кетеді де, оның ұштығын да таппай қаласыз. Жүрекке қорқыныш ұялататыны да осы көрініс. Содан жартасқа тағы да көз салдық. Бұл екі тас тым биіктеп кеткен бе дедім іштей... Шырақшы бірден бірнеше адамды топтастырып өткізетінін айтты, келістік. Сөйтіп он шақты адам қаз-қатар тізіліп, тасқа қарай беттедік.

Қарсы алдымдағы саңылау бұрынғыдан да қауіптілеу көрінді. «Тәуекел!», - деп алға қадам бастым. Қышырлап табанымдағы қиыршық тас сусығандай болған. Оң иығымды Адам ата тасының құж-құж қабырғасы сыдырып өтті ме деп қалдым. Ал Хауа ана тасы кең құшағын аша түскендей.

Өң бойымды билеген қорқыныш бой тітіркентті, әлде алды-артымнан қаусыра қысқан жартас па, білмедім, аяғым жерге бір тиіп, бір тимей келе жатырмын. Тас қуысынан ентіккен демім қабырға бетке барып өзіме қайтады. Шыны керек, мұндай сәтте аздап қысылып, терлеп те кетеді екенсіз. Жартастың табан тірейтін кей жері батпақ болып тұрды. Мүмкін, біздің алдымызда жауын жауды ма, әлде күн түспегендіктен жер ылғалды ма екен... Бірақ мақсатымыз тоқтамай жүру болғандықтан, тек алға қадам баса бердік.

Бір кезде алдымыздағы адам қатары тоқтап қалды. Содан қайта кері шығуымызға тура келді. Өйткені бір кісі қысылып, әрмен қарай жүре алмайтынын

«Тас ошақ» белгісі



«Егіздер» белгісі

жеткізді. Ондай сәтте «Алла, мені кешіре көр» деп кері шығу қажет екенін шырақшы ескерткен болатын. Адамға неше түрлі ой келеді емес пе... Мүмкін, әлгі адам толық шығар деген ой да келді. Бірақ дене бітімі толық та, арық та емес екен. Өзі әбден терлепті. Бәріміз соған қарап қалыппыз. Сол кезде «мен де қақ ортасына барып, соңына дейін өте алмай қалсам, не болар екен?» деген ойлар да келді аяқ астынан. Ойымызды шырақшының «жалғастырыңдар, күн батпай тұрып, өтулерің керек» деген қоңыр даусы бөліп жіберді. Оның айтуынша, бұл жерден небір толық адамдар да еш қиналмай өткен. Ал кейде арық адамның өзі өте алмайтын жайттар да жиі кездескен.

Содан тас арасындағы сапарымыз қайта жалғасты. «Аман өтсек екен деген тілекке енді басқа адам кері қайтпаса екен» деген тілек қосылды. «Реті келсе шығуды мақсат етейік» деп бір-бірімізге айтып та қоямыз. Тас арасында бір-бірімізді танымасақ та бұрыннан таныстай болып кетеді екенсіз. Бір байқағаным, жартас арасынан өтіп бара жатқанда «Е, Алла, өзің қолдай көр» деп Аллаға жалбарынушылар болды. Іште сондай дауыстар жиі естілді. Іштей Алланы еске алдыртқан бұл да бір құдыретті күш шығар деп келемін...

Тағы бір таңғаларлығы, екі тасқа сырттай қарасаңыз, ортасы түзу жол секілді көрінеді. Алайда олай емес. Ортасымен өткен кезде бір тасы алдыңғы жаққа, енді бір тасы артқы жаққа шығып, адам соның арасымен өтуі тиіс. Тасы тегіс, жолы жеңіл деп айтуға келмес. Бірақ тоқтамай өту керек. Сәл кідірсек, бізден кейінгілер де тоқтап қалады. Одан алдыңғы жақтағы адамдардың өтуі қиындап қалған кезде арқамды тасқа еркін сүйеп, демалып алғанды жөн көрдім. Сөйтіп қайта алға қарай жылжи бастадық.

Сәлден соң беймәлім сәуле жарқ ете қалғандай болды. Енді бір қозғалғанда, жап-жарық дүние кең дала құшағын ашты.

Ұзақ болып көрінген аз ғана уақыт, қиналған сан сағаттай сезілген қас-қағым мәуріт артта қалды. Өзімді ерекше жеп-жеңіл сезіндім. Ол сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Екі тастың арасынан өткенде, өмірде өзіңізде жаңа мүмкіндіктің мол екенін, тіпті қолыңыздан бәрі келетіндей, кез келген қиындықты еңсеретіндей күштің пайда болғанын сезетіндей әсер аласыз.

Сол екпінмен сыртқа шығып, тас сыдырғанда әрең шыққан киімімді дереу қаға бастадым. Бірақ ешқандай шаң жұқпапты. Киім кәдімгідей тап-таза, еш жері жыртылмапты. Сызаттың да ізі жоқ. Тіпті аяқ киімім де батпақсыз болып шықты. Айтпақшы тас арасы өте қараңғы болған соң көзімдегі көзілдірікті көйлегімнің қалтасына сала салғанмын. «Сынса сынсын, тас ортасынан аман шықсам болды» деген ниет қана тұрды. Әйткенмен сол көзілдірігіме де еш зақым тимепті. Қайран қаласыз.

ӘР ТАСТЫҢ ӨЗ СЫРЫ БАР

«Дастарқан» тастың басына тізе бүктік. Шырақшының айтуынша, осы тастың басында жылда 22 наурыз және 5 шілдеде әруақтарға құран бағышталады екен. Төмендегі үш бұлақтың бастауында әлдекімдер жүр. Суы қасиетті саналатын үш бұлақ – Көз бұлақ, Өңеш бұлақ, Құлақ бұлақ. Әрқайсысының аты айтып тұрғандай, бірі жанарыңызды шәйдай ашады, екіншісі тыныс жолдарына таптырмас ем болса, үшіншісі – есту қабілетін арттырады деседі. Біз де барып, мөлдір суынан дәм таттық.

Бұл жаққа келген кісі сол бұлақтардың жиегімен жоғары көтерілетін жалғыз аяқ жолдың қос қапталында жатқан «Қақпа» тастан бастап тәу етеді. Ғажабы сол, Ғайып ерен Қырық шілтеннің қасиетті мекені саналатын жота беткейінде бәрі бар, бірақ бәрі – тас мүсін.

Шырақшының әңгімесіне сенсеңіз, Нұх пайғамбардың өзі соққан тас ошақ – «Пайғамбардың ошағы», сосын «Дастарқан» сынды жап-жалпақ тас. Бұл жер төрт құбылаң тең болсын дегенді білдіреді екен. Одан былайғы жерде «Пайғамбардың жайнамазы» жаюлы жатыр. Беткейде қаннен қапер-сіз жайылып жүрген жануарлардың тас мүсінін көріп тағы таңырқайсыз. Ойсыл қараңыз, Зеңгі бабаңыз, Шопан атаңыз осында, қос «Пілді» де кездестіресіз. «Бақа» деген және бар. Бұлардың ортасында биіктен қарап Адам ата мен Хауа ана тасы тұр. «Екі жастық» тасы да көзге түсті. Шырақшының айтуынша, бұл – Адам ата мен Хауа ананың жастығы. Жанында «Бесік» тас. Яғни «Ана құрсағы» деп аталады. Ол тастың қасында ұл мен қызды бейнелеген «Егіздер белгісі» деп аталатын тас та бар. Әрқайсысы өзінше бір аңыз десеңіз болады. Әсерлі өрілген әңгіменің ауанына, тас мүсіндерге қарап, иланбай көріңіз. Ертегідей бір әлем.

Күнгей бетте қасиетті Қазығұрт қараған қалпы замананың ыстық-суығына, от-жалынына, дауыл-боранына қайсарлықпен төтеп бере білген ұлы бабаларымыздың белгісіндей, беті шұрқ тесік әжімделген – Адам ата дерсіз. Мұны Адам атаның шапаны деп те атайды. Одан таң рауанын тағатсыздана тосып, мейірім мен шапағатқа өн бойын шуақтандырып, ізгілік пен ізеттің инабаттылық пен ибалықтың діңгегі бола білген ұлы әжелеріміздің белгісіндей, бесігін бауырына басқан Хауа ана тасы тұр.

САЯХАТ СОҢЫНДА...

Шырақшы айтқан әңгімелер біразға дейін естен кетпеді.

«Бағзы бір заманда төрткүл дүниені топан су басқанда, жарықтық, Қазығұрттың басына Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған екен. Содан жер бетінде тіршілік қайта жалғасын табады. Көне мен жаңа дүниенің куәсі болып ғұмыр кешкен Адам ата мен Хауа ана, төрт түлік пен жан-жануарлар өздері бастауында тұрған жаратылыстың мәңгілік күзетшісіндей болуды арман тұтып, осы жерде өз еріктерімен тасқа айналған деседі», – сөз соңында ол.

Расында, алыстан биік жота басына қайырылып көз салғанда, шырақшы әңгімесін мақұлдағандай, Адам ата мен Хауа ана тасы бұрынғысынан да айрықшыланып тұрғандай әсер алып, елге қарай қайта жолға шықтық.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

АШУ ШАҚЫРҒАННЫҢ ҰТҚАНЫН КӨРМЕДІК

Әдеттегідей жұмысқа асығып тұрған біз де келесі көлікті күтпей лық толы автобусқа жанталасып мініп алдық. Адам аузы мұрнына шығайын деп тұр. Ішіндегілердің «қай жерге мінгізесің» деген сөзіне кондуктор жігіт «бәрі де өздерің сияқты сабаққа, жұмысқа асығып бара жатыр, жақтырмасаң түсіп қал да таксиге мін» деп дөрекі жауап берді. Мына жағында ол айқайшу. Автобуста үлкені де, кішісі де бар. Орынға таласқан екі келіншек ұрысып тұр. Бір-бірінен қалысар емес. Тіпті сөз арасында небір жаман сөздер де айтылуда. Соңында екеуі де жындыханадан алған «қызыл қағазы» бар екенін айтып, жындылықтарын мойындады. Олардың ұрысы таң азанымен қаншама адамның көңілкүйіне кері әсерін тигізді. Осы оқиғаға куә болған мен күні бойы неге сонша шыдамсыз, сабырсыз, төзімсіз күйге түскенбіз деген ойда жүрдім.



Расында, ойлана қарасаңыз қазір барлық адам депрессияға түскен. Бәрінің де бір басына жетердей проблемасы бар. Әліптің аяғына жетпей, кішкентай нәрсеге ашуланып, «Жүйкемді тоздырмашы» деп шығады. Ашуына тисең сөзбен сабап алады.

Бүгінде жүйке ауруы әлемдегі ең қауіпті дерттің қатарында екен. Оның себебі неде? Жүйкесі жұқарып, күйзеліске ұшырап, айналасына жағымсыз әсер қалдырып жүрген кімдер? Осы жөнінде кеңінен тарқатып көрелік.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжауынша, алдағы он жыл да депрессияға түсетіндер саны екі есеге артады екен. Тіпті кейбір психологтар жүйке ауруы адам үшін ең үлкен дерт болуы мүмкін дегенді алға тартуда. Шынында, біз оған жіті мән бермейміз. Сондықтан біздің елде психологқа көрініп, кеңес алу деген ұят сияқты сезіледі. Алайда депрессия – әлемде жүрек-қан тамырлары мен онкологиялық аурулармен қатар тұрған сырқат екен.

Соңғы жылдары елімізде өз-өзіне қол жұмсаушылар саны артты. Бұрын мұндайды естігенде таңдай қағып, қайғырсақ, қазір көптігі сонша мән де бермейтін болдық. Себебі біреудің жағдайын ойлауға өз мәселесі мұрша бермейді. Қазір бәрінің басында қос-қостан несие бар. Жетіспеушілік жағаға жармасып, қымбатшылық белден басып тұр. Осының бәрі адамның жүйкесінің жұқаруына әкеп соғуда.

– Бүгінде қоғамда коронавирус індетіне байланысты карантиндік талаптар адамзаттың тұрмыс-тіршілігін, көңіл-күйін, қарым-қатынасын өзгертті. Сондықтан соңғы кезде болмайтын нәрсеге ашуланатын адамдар саны артқан. Мәселен, адам көп шоғырланатын жерде, қоғамдық орында, мемлекеттік мекемеде адамдар шыдамсыздық танытып, айқайға бас салып, шаруалары тез бітуін талап етеді. Ашуын сыртқа шығару арқылы жеңілдейді. Ал оның агрессивті іс-әрекеті басқа жанға зардап әкелетінін ойламайды. Ашулану – бұл біздің психикалық энергиямыз, қажеттіліктерімізді қанағаттандыру үшін сыртқа немесе ішке бағытталуы мүмкін импульс. Нақтырақ айтқанда, бұл олардың мақсатына жетудің психологиялық қаруы, – деді №3 қалалық емхана психологы Гүлдана Садықова.

Психологтың айтуынша, адамның жүйке жүйесінің әлсіреуі, күйзеліске түсуімен ойнауға болмайды. Ондай адам өзін үнемі жазықты сезініп, себепсіз қорқады. Сондай-ақ ылғи жағымсыз көңіл күйде жүреді. Күйзеліске ұшыраған адамның бір нәрсеге назар аударуы, ерік-жігерін жинауы да қиын екен. Бұрын адамдар қимыл-қозғалыс арқылы іштегі барлық жағымсыз энергияны сыртқа шығаратын. Мәселен, егін егіп, оны жинап, қара жұмысты көп істеді. Ал қазір көпшілігі кеңседен шықпай, азаннан қара кешке дейін компьютердің алдында тапжылмай отырады. Осыдан кейін көп адам жан күйзелісіне ұшырауда. Оның түрлі себебі бар. Тіпті адамдар ұялы телефон пайда болғалы бір-бірімен шер тарқатып сөйлесуден қалды. Телефон – адамның сырын айтар сыңарына айналды. Онсыз таңымыз атып, күніміз батпайды. Қолымыздан түсірмейміз. Жасырын емес. Тіпті кейбіреулер түнде құшақтап ұйықтайды. Алайда оның зиянына үңіліп жатқандар аз. Психолог Гүлдананың айтуынша, ол есте сақтау қабілетін нашарлатып, адамның танымдық қабілетін төмендетеді. Бойды сүлесоқтық пен жалқаулық билейді.

Оның ішінде бала денсаулығына тікелей кері әсерін тигізеді. Бүгінде бесіктен белі шықпаған баланың өзі телефонды ойыншыққа айналдырған. Қолдарында бір-бір телефон. Қарап отырсаңыз, қазіргі баланың көбі ашуланшақ. Себебі ұялы байланысты көп көретіндердің жүйкесі жұқарып, депрессиялық синдромға ұрынуы жиілейді екен. Бұл адамға бірден білінбегенмен, уақыт өте адам жүйкесіне үлкен салмақ түсіріп, жүйке ауруына әкеп соғады. «Бүгінгінің адамы ашушаң, күйзеліске түскен» дегеннің бір себебін осыдан көрсек болады. Сондықтан психологтар барынша жансыз емес, жанды дүниеге әуес болуға кеңес береді.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ:

Ашуланған адамның өз шындығы бар. Сөздердің астарында не жатқанына назар аударыңыз, терең мағынасын іздеңіз. Мұны істеу үшін тыныштықты сақтап, диалогта ашық болуға тырысыңыз. Дауласқан кезде адамға емес, мәселеге назар аударуға тырысыңыз. Адамда агрессияны көрсетудің мың себебі болса да оны сізге бағыттауына жол бермеңіз. Жан-жалдасып айқайлап тұрған адамға дауысыңызды көтермеңіз. Өйткені соңы үлкен шиеленіске апаруы мүмкін. Ұрысып тұрған адамға кері жауап берудің қажеті жоқ. Мұндай қарым-қатынастан аулақ болуға тырысыңыз немесе сабыр сақтаңыз. Егер сіз жауап берсеңіз, онда ашуланып тұрған адам сізден күшті болуы немесе психикалық тұрғыдан денсаулығы нашар болуы мүмкін екенін ескеріңіз. Қатты күйзеліске түсіп жүрген адамнан ол кезде ешнәрсе талап ете алмайсыз. Сіз жауап барысында шабуыл жасамаңыз.

Терең тыныс алыңыз. Ол жағдайдан алшақтауға көмектеседі. Ең бастысы – уақытында терең тыныс алып, артық ештеңе айтпау. Сабырлы түрде немесе жайлап сөйлеңіз. Сонда ашуланып тұрып айқайлайтын адам бірнеше минут ішінде басылып, сізбен бірге ол да даусы бәсеңдеп жәй сөйлей бастайды.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4424 Тапсырыс №1373

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ